


3.2.2021

Виртуалды көрме

Виртуальная выставка



Әл-Фараби кітапханасы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ҒАСЫР АҚЫНЫ

Қазақ поэзиясында өзіндік жарқын із қалдырған дарынды ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев 1931 жылы ақпанның тоғызы күні Алматы облысының Райымбек ауданына қарасты Қарасаз деген жерде дүниеге келген. Мұқағали Мақатаев – ғажайып, ақиық, сыршыл ақын.

Мұқағали поэзия жанрында ғана емес, проза, драма, сын саласында да қалам тартты. Қаламгердің «Қош, махаббат» жинағына әр жылдары жазылған «Шуағым менің», «Соғады жүрек», әңгімелері, «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» повестері мен «Қош, махаббат» пьесасы, бірнеше сыни еңбектері енген. Ақынның көз тірісінде 8 жыр жинағы («Ильич» (1964), «Армысындар, достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?» (1968), «Дариға-жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975), «Өмірдастан» (1976)) жарық көрді.

Бейнелі рух, сезім мен сананын бірлігі көңілге ұялайды. Оның артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендеп айқындала түседі.

Ақын өлеңдеріне 100-ден астам әндер жазылған. «Саржайлау», «Сәби болғым келеді», «Есіңе мені, алғайсын», «Күрең күз», «Қариялар азайып бара жатыр», «Арулар», «Сенің көзің», «Фариза қыз», «Наурыз айы туғанда» т.б.

Ақынның шын мәнінде шеберлігі – ол қолданған әрбір амал - адам бейнесін ашуға қызмет еткен. Ақын поэзиясында табиғат көріністерін, пейзажды әшейін бір уақыт кеңістіктің дерегі ретінде даралап қарамайды, онда адам бейнесін толықтыра түсетін тәсілдер мол. Әрі көркемдік - философиялық иірімдер мен сарындар, түйіндер мен мазмұндар арқылы өте жарқырап көрінеді. Ақын адам мен жаратылыстың үндестігін жырлайды. Ол жаратылыстың көп құбылысынан адам болмысына тән сипаттарды аңғарады. Содан да болар ақын табиғаттың әр бөлшегімен, көрінісімен ашық сырласады, мұңына ортақтасады. Ақын атаулы табиғат пен жаратылыстың құбылысына жақын болады.

Кітаптар саны: 35




Оқытушылар назарына: [Кітап қорының қалыптасуы бойынша ақпарат алу үшін осы жерді басыңыз.](#)

[Қорымыздың басқа кітаптарымен танысу үшін осы жерді басыңыз.](#)

| | | |
|---|--|---|
|  | <p>Мақатаев М. Армысыңдар, достар! / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1966.- 94 б.</p> <p>Мұқағали мақатаевтың бұл екінші кітабы. Ол соңғы жылдары көптеген өлең, дастандарын республикалық газет журнал беттеріне жариялады. Осы кітапқа ақынның жаңа жазылған бір топ өлеңдері мен Ақ қайың атты дастаны кірді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Дариға жүрек: Өлеңдер / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1972.- 111 б.</p> <p>Мақатаевтың бұл ұсынылып отырған жинағына ақынның соңғы кезде жазған лирикалық өлеңдері кірді. Ақын тілі, оқушы достар, өздеріңізге тартымдылығымен, оралымды нәзіктігімен таныс.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Соғады жүрек/ Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1982.</p> <p>Ақын Мұқағали мақатаев «Соғады жүрек » атты екі томдық жыр кітабының бұл бірінші томына таңдаулы өлеңдері мен «Мавр», «Ильч», «Бала шақтан – болашаққа» тағы басқа поэмалары енгізілді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|---|---|
|  | <p>Мақатаев М. Қарлығашым, келдің бе: (Өлеңдер мен поэма) / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1968.- 106 б.</p> <p>Мұқағали Мақатаевтың бұл жинағына лирикалық өлеңдері және бір поэмасы енді. Автор көптеген өлеңдерінде заман ұлылығын, адалдықты, достықты жыр етеді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Өмір-өзен: өлеңдер мен толғаулар / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1979.- 360 б.</p> <p>Қазақтың талантты ақындарының бірі, марқұм Мұқағали Мақатаевтың бұл кітабына оның бұрынғы кітаптарына кірмеген және өмірінің соңғы кезінде жазған жаңа өлеңдері мен толғаулары енгізілді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев Мұқағали. Көшеді өлең немесе өшеді өлең: өлеңдер мен поэма / М. Мақатаев. - Алматы : RS ; Халықаралық Абай клубы, 2013. - 345 б.</p> <p>Бұл кітапта қазақ поэзиясының ірі тұлғаларының бірі Мұқағали Мақатаевтың өлең, поэмаларының көркемдік сипаты, шеберлік қырлары талданады.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|--|---|
|  | <p>Мұқағали : естеліктер / құраст. А. Әбдіқалов. - Алматы : Жалын, 1995. - 220,[2] б.</p> <p>Бұл кітапқа арманда кеткенаяулы ақын, дара тұлға, ерекше дарын Мұқағали Мақатаев жөніндегі естеліктер топтастырылған.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Жыр кітабы/ Мұқағали Мақатаев.- Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011.- 624, [1] б.</p> <p>Қазак поэзиясының Хантәңірісі Мұқағали сегізінші ондыққа бет алып, ұлт ақыны атанып, ұрпағына өлеңін қалдырып отыр. Ақын елуге жетпеген ғұмырында қара өлеңнің көсегесін көтеріп, туу алыстан түңілінген желпілдедіп, ақ отауын тікті.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шуағым менің: Поэмалар, өлеңдер / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1975.- 88 б.</p> <p>Ақын Мұқағали Мақатаев «Шуағым менің» атты жаңа жинағында дәуір тынысын, замана ұлылығын жырға қосады. Жер үстіндегі күрес, бейбіт күннің берекелі шуағы, бүгінгі замандасымыздың мақсат – мүддесі М. Мақатаевтың поэма өлеңдерінен өз өрнегін тапқан.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|---|---|
|  <p>МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ӨМІРДАСТАН ТАҢДАМАЛЫ ӨЛЕНДЕР МЕН ПОЭМАЛАР АЛМАТЫ - 1976</p> | <p>Мақатаев М. Өмірдастан: таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / Мұқағали Мақатаев; М. Мақатаев.- Алматы: Жазушы, 1976.- 232 б.</p> <p>Бұл кітапқа ақынның өлеңдері мен поэмалары іріктелініп алынған.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  <p>Мұқағали Мақатаев ҚОШ, МАХАББАТ ӘНГІМЕЛЕР, ПОВЕСТЕР, ПЬЕСА, МАҚАЛАЛАР Құрастырған: Л. Әзімжанова АЛМАТЫ - 1988</p> | <p>Мақатаев М. Қош, махаббат: прозалық шығармалары: (әңгімелер, повестер, пьеса, мақалалар) / Мұқағали Мақатаев; М. Мақатаев; құраст. Л. Әзімжанова.- Алматы: Жазушы, 1988.- 282, [3] б.</p> <p>Ақынның прозалық шығармалары әр кездерде жазған әңгіме, повестері, пьеса, мақалалары топтастырылған.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  <p>Ильич ПОЭМАЛАР АЛМАТЫ - 1964</p> | <p>Мақатаев М. Ильич: Поэмалар / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964.- 64 б.</p> <p>Ақын бұл поэмасында халықтың ұлы көсемі В.И. Лениннің жарқын бейнесін жасап, оның күреске толы өмірін, бүкіл адамзат баласына жасаған игі істерін ерекше шабытпен сүйсіне жырлайды. Поэманың тілі жаттық, көркемдік бояу-нақышы барынша жарасымды.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |




| | | |
|---|--|---|
|  | <p>Мақатаев М. Күнделік/ Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жалын, ТПИК. "Жеті", 1991.- 47, [1] б.</p> <p>Ақиық ақын Мұқағали тек өлең, поэмалар ғана жазып қоймай, прозаға да батыл қалам сілтеп, көркем аудармалар да жасаған. Сонымен бірге аз да болса өмір күнделігін де түзген.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Жүрек арызы: өлеңдер / Мұқағали Мақатаев; құраст. С. Дәуітұлы ; [М. Мақатаев атын. Халықаралық қоры].- Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2008.- 303, [2] б.</p> <p>Мұқағали Мақатаев осы кітабына оның 1982 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген қос томдығындағы өлеңдері іріктеліп алынды. Сонымен бірге тұңғыш рет ақынның қойын дәптеріндегі қолтаңбасы да беріліп отыр.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Аманат: [жыр жинағы] / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Атамұра, 1999.- 301, [2] б.</p> <p>Қазақ поэзиясында сирек кездесетін сөз зергерінің бірі Мұқағали Мақатаевтың бұл жыр жинағына 2000 жылы Абай атындағы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілген еді. Қалың оқырман сұранысына орай, ақиық ақынның өлең кітабына лирикалық өлеңдері мен поэмалары топтастырылған. Жинаққа бұрын шыққан қос томдық пен үш томдықтарында жарияланбаған, кейіннен табылған аманат жырлары да енгізілген.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |




| | | |
|---|---|---|
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. Л. Әзімжанқызы, А. Оразақын].- Алматы: Жалын, 2006. Т. 1: Өлеңдері мен дастандары.- 318, [2] б.</p> <p>Ақынның 1949-1966 жылдар аралығында жазған өлеңдері мен дастандары енген.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. А. Оразақын].- 3-бас.- Алматы: Жалын, 2013. Т. 2: Өлеңдері мен поэмалары.- 379, [5] б.</p> <p>Ақынның 1970-1973 жылдар аралығында жазған дастандары мен жазылу күні белгісіз өлеңдері енген.</p> | <p>Читать</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. А. Оразақын].- 3-бас.- Алматы: Жалын, 2013. Т. 3: Өлеңдері мен поэмалары.- 315, [5] б.</p> <p>Ақынның таңдаулы өлеңдері Уолт Уитменнен аударған өлеңдері енген.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|---|---|
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. А. Оразақын].- 3-бас.- Алматы: Жалын, 2013. Т. 4: Аудармалар, күнделіктер, әңгімелер....- 316, [4] б.</p> <p>Ақынның Уильм Шекспирден аударған соннеттері сыршыл өлеңдері енген.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. Қ. Құрманғалиев].- 3-бас.- Алматы: Жалын, 2013. Т. 5: Аударма, хаттар, естеліктер.- 317, [3] б.</p> <p>Бұл томға ақынның әйгілі А. Дантеннің «Құдіретті комедия» атты дастанның аудармасы, кейбір хаттары және анасы мен зайыбының, басқа да замандастарының естеліктеріне енді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. Л. Әзімжанқызы, О. Асқар].- Алматы: Жалын, 2009. Т. 4: Аудармалар, күнделіктер.- 316, [4] б.</p> <p>1973 жылдан 1976 жылға дейінгі өлеңдері мен поэмалары, жаңа табылған өлеңдері, балаларға арналған өлеңдері және Уильям Шекспирден аударған сонеттері және басқада шығармалары енгізілді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|--|---|
|  | <p>Мақатаев М. Шығармалары: көп томдық толық жинағы / Мұқағали Мақатаев; [құраст. Қ. Құрманғалиев].- Алматы: Жалын, 2010. Т. 5: Аударма, хаттар, естеліктер.- 317, [3] б.</p> <p>Бұл томға ақынның әйгілі А. Дантенің «Күдіретті комедия» атты дастанның аудармасы, кейбір хаттары және анасы мен зайыбының, басқада замандастарының естеліктері енді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы/ Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жалын, 2001. Т. 1 : Өлеңдері мен поэмалары .- 447, [1] б.</p> <p>Бұл томға ақынның 1949 жылдан 1968 жылға дейінгі өлеңдері мен поэмалары жазылған күндерінің ретімен берілді. Сондай-ақ жазылған уақыты белгісіз жыр, дастандары алғаш енген жинақтары бойынша топтастырылды.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы/ Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жалын, 2001. Т. 2 : Өлеңдері мен поэмалары .- 319, [1] б.</p> <p>Бұл томға ақынның 1970 жылдан 1972 жылға дейін жазған өлеңдері мен поэмалары жазылған күні ретімен берілді. Сондай-ақ жазылған жылы белгісіз жыр, дастандары алғаш құрамына енген жинақтардың аты және жылының астына топтастырылды.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|---|---|
|  | <p>Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы/ Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жалын, 2001. Т. 2 : Өлеңдері мен поэмалары .- 319, [1] б.</p> <p>Бұл томға ақынның 1973 жылдан 1976 жылға дейінгі өлеңдері мен поэмалары, балаларға арналған өлеңдері және Американың әйгілі ақыны, Нобель сыйлығының иегері Уолт Уитменнен аударған өлеңдері, сондай-ақ ағылшынның атақты драматургі Уильям шекспирден аударған сонеттері де осында.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Қарасаздан ұшқан қарлығаш: [Өлеңдері мен күнделігі] / Мұқағали Мақатаев.- Алматы: Жалын, 1999.- 220, [4] б.</p> <p>Бұл кітаптың Мұқағалидың үш дәптерінен құралды. Ақынның ақындық жолы, өнердегі өмірбаяны ос дәптермен басталған.</p> | <p>Читать</p> |
|  | <p>Мақатаев М. Аманат: Мұқағали Мақатаев; М. Мақатаев.- Алматы: Атамұра, 2002.- 303, [1] б.</p> <p>Қазақ поэзиясында сирек кездесетін сөз зерегерінің бірі Мұқағали Мақатаевтың бұл жинағына 2000 жылы Абай атындағы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілген еді. Қалың оқырман сұранысына орай, ақиық ақынның өлең кітабына лирикалық өлеңдері мен поэмалары топтастырылған. Жинаққа бұрын шыққан қос томдық пен үш томдықтарында жарияланбаған, кейіннен табылған аманат жырлары да енгізілген. Қайталанбас құбылыстай жарқ етіп өте шыққан найзағай ақынның арда</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|--|---|
| | <p>жырлары көңілі қаяу, санасы ояу бүгінгі оқырманын тағы бір серпілтіп тастары сөзсіз.</p> | |
|  | <p>Абишева Сауле Джунусовна. Поэтический мир М. Макаатаева : монография / С. Д. Абишева. - Алматы : Балауса, 2018. - 271, [1] с.</p> <p>Монография посвящена поэтическому миру Мукагали Макаатаева. Содель мира сформирована с учетом семантической, структурной и функционально-эстетической организации поэтического текста. По аналогии с колесом Энея осуществляется системная дешифровка и интерпретация творческого наследия Макаатаева</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Алпысбаев Қ. Қ. Мұқағали өрнегі : монография / Қ. Қ. Алпысбаев. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2001. - 187,[1] б.</p> <p>Бұл кітапта қазақ поэзиясының ірі тұлғаларының бірі Мұқағали Мақатаевтың өлең, поэмаларының көркемдік сипаты, шеберлік қырлары талданады. Ақынның өлең, поэмаларындағы философиялық ой түйіндер, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық психология көріністері ғылыми сараланады.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Макаатаев М. Мукагали. Когда спят лебеди : стихи и поэмы / пер. с каз. О. Жанайдарова, М. Курганцева. - Алматы : Ан-Арыс, 2011. - 171,[1] с.</p> <p>В поэме М.Макаатаева «Когда спят лебеди» повествуется о скорби несчастной матери, которую постигло горе после того, как она стреляла в святых птиц.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|---|--|---|
|  | <p>Джуанышбеков Н. Нурболат. Мукағали Мака́таев : (очерк жизни и творчества) / Н. Джуанышбеков. - Алматы : Искандер, 2004. - 23 с.</p> <p>Данная работа из серии «В помощь учителю и учащемуся» включает в себя творческий портрет писателя, его произведения и составлена по программе «Казахская литература для 10-11 классов»</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мұқағали Мака́таев Күнделік: жинақ / Мұқағали. - Алматы : ҚАЗАҚПАРАТ, 2009. - 109, [1] б.</p> <p>Ақынның шағын күнделігі осыдан сегіз жыл бұрын шығып еді. Енді бұл күнделіктің толықтырылған нұсқасы және ақын жары лашын Әзімжанованың естелігі оқырмандармен қауышып отыр.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев, М. Мұқағали. Махаббат сазы : өлеңдер жинағы / М. Мұқағали. Мақатаев. - Алматы : "Олжас кітапханасы" баспа үйі, 2011. - 162,[6] б.</p> <p>Бүгінде Мұқағали Мақатаев есімі қазақ поэзиясының символы іспеттес. Алғашқы жекелеген өлеңдері мен поэтикалық кітаптарынан-ақ қайталанбас Мұқағали үні айқындалды. Тазалық пен айқындылық, адам сезімдерінің тұңғығына бойлай білу мен сезінудегі қарапайымдылығы ғаламат поэзиямен танысқан кез келген оқырманды сөзсіз таң қалдырады. Күйінішке ортақтасу, бірге қиналу, жақсылық жасау, қайырымды болу – ақынның адамды бағалаудағы және тұтас шығармашылық арқауының басты критерийі болды.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |

| | | |
|--|---|---|
|  | <p>Мақатаев, М. Мұқағали. Жылап қайттым өмірдің базарынан : жыр кітабы / М. Мұқағали. Мақатаев. - Алматы : Жалын, 1994. - 254,[2] б.</p> <p>Бұл еңбекте Мұқағалидың бұған дейінгі басылымдарына еңбеген, дүние салғаннан кейін әр жылдары газет-журналдарда жарияланған жаңа жырлары топталды.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |
|  | <p>Мақатаев, Мұқағали. Аққулар ұйықтағанда: өлеңдер, толғау-дастандар / М. Мақатаев. - Алматы : Жазушы, 1974. - 119 б.</p> <p>Бұл поэмада бір жанұяның жалғыз баласы ауыр сырқатпен сырқаттанып қалады. Тәуіп шал баланы тек аққудың қанатымен аластаса ғана дертінен айрылады деп айтады. Әкесінің аққуды өлтіруге дәті бармағандықтан оның орнына анасы мылтығын алып, қасиетті аққулар мекендейтін көлге барады. Көлге келгенде ананың қолындағы мылтығы абайсызда атылып қалады да, мылтықтың оғы аққуға тиеді. Шуды естіген қарт жылқышы көлге қарай келеді де, аққу өлтірген анаға ақыл береді. Қалай болса да ана аққуды үйге әкеледі, алайда үйге қайтып оралғанда баласының қайтыс болғанын түсінеді.</p> | <p>Найти электронную версию</p> |